

Қылмыстық іздестіру - менің тағдырым!

Парасатты полицей – ел қорғаны! Ия, бұл тұжырыммен бәрі де келіседі. Мен де бала кезімнен сақшы формасын киген ағаларға қызығып еліктеуші едім.

Ел қорғаны болғым келетін, әділетсіздікке қарсы күресіп, әлсіздерге жол көрсетсем дейтінмін.

Кішкентай кезімнен осылай мақсат қойған мен тіпті мектеп қабырғасында жүргенде бұзықтық жасайтын оқушыларды тәртіпке шақыратынмын. Әлімжеттік жасағандарды сөзбен тоқтатуға тырысушы едім. Әрине, ел қорғаны болған соң мықты денсаулықтың да релі зор. Алдымдағы мақсатым жетелеген мен спортпен шұғылданып, талай аудандық, облыстық жарыстарда жүлдегер атандым. Әділдік үшін күресіп, қиын жағдайда қалғандарға қызмет ететін бұл мамандық терең білімді қажет етеді. Сол себепті мектеп бітірген соң Арқалық қаласындағы Қазтұтыну одағы Арқалық экономика және құқық

колледжінің «Құқықтану» мамандығына оқуға түстім. Дипломымды қолға алып, ендігі Отан алдындағы борышымды өтеуге дайындалдым. Жамбыл облысы, Луговой кентінде орналасқан әскери жеке барлау батальонында, арнайы жасақталған барлау ротасында аға барлаушы мерген болып шындалған мен одан әрі құқықтық сауатымды толықтыру үшін Қарағанды қаласындағы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Сонау бала кезден арман еткен мамандық иесі атанған сәтім, сірә да, естен кетпесім!

Міне, мен – қылмыстық іздестіру полициясы қызметкерімін! Қоғамды торлаған әділетсіздікпен, қылмыскерлермен күресемін! Білемін, қылмыс – деген суық сөз, жүрегі мұз адамдар. Өмірімнің қыл үстінде тұруы да мүмкін. Бірақ еліңнің тыныштығы үшін, бейбіт өмір сүру үшін күресу – мен үшін

бақыт! Қарапайым халықтың тыныштығын бұзып, құқығының тапталуына жол бермеймін!

Қылмыстардың санын азайтқым келеді. Ол үшін қырағылық керек! Түн ұйқымды, күндіз күлкімді қисам да, елімнің алаңсыз ұйықтағанын қалаймын!

Қылмыстардың ішіндегі ең сорақысы – адам өлтіру. Әркім өмір сүруге құқықты. Ешкімнің біреудің өмірін қор қылуға қақысы жоқ. Бірақ өкінішке қарай кейінгі уақытта мұндай қылмыстар көбеюде.

Қылмыстың алдын алу үшін тек полицей ғана емес, қоғам болып күресуіміз керек! Әр қылмыстың ашылуы мен қылмыскерді табуға үлкен ақылдылықпен қатар ер жүрек те болу керек.

Мен үшін өзіме үлгі тұтатын халық қаһарманы – капитан Ғазиз Байтасов. Бейбіт заманның халық батыры атанған ол өзінің өмірін қиып, халықты өлім ауызынан алып қалды. Батыр ағамыздың үлкен құрметке лайық ерлігі мәңгі есімізде

қалды.

Түн қатып, ойын-сауықтан қалып, қылмыскердің ізін кесу – біреулер үшін тозақ өмір, ал мен үшін үлкен парыз! Оқушы кезімнен бойымда қалыптасқан полицей болу мақсатында тынбай, талмай еңбектен беруге әркез де дайынмын!

Сабырлықты, байқампаздықты, батырлықты, алғырлықты талап ететін қылмыстық іздестіру қызметі мені сүйікті мамандығым, менің тағдырым! Тағдыр болғанда да өмірлік бойтұмарым ретінде таңдап алған тағдырым!

Тағдырым әділеттік жолында күреуге жазылғандықтан, мамандығыма адал болуға бар күшімді, білімімді саламын.

Мейрамғазы ЖҮНІСОВ,
Арқалық қаласы Ішкі істер басқармасы
Криминалдық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі
полиция капитаны

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Жангелдиндік із кесушілер істеріне мығым

Жангелдин аудандық ІІБ Криминалдық полиция тобының күнделікті жұмыстары келіп түскен хабарлар мен арыздардың деркезіндешешімін қабылдауға байланысты. Сондай-ақ болайын деп жатқан және болған қылмыстарды дер кезінде анықтап, ашуға бағытталған.

Криминалдық полиция тобында қазіргі таңда екі жедел қызметкер жұмыс атқарады. Сонымен қатар олар аудан орталығындағы мекеме, кәсіпорындарға, ауылдық округтерге шығып, қылмысты болдырмау, оның алдын алу шараларын да жүргізеді.

Бөлімше жұмысының нәтижесін байқататын биылғы бірер оқиғаны келтіре кетсек. 2017 жылдың 28-ші желтоқсан күні Торғай ауылы орталығында орналасқан «Айша» дүкеніне белгісіз біреу есігін бұзып кіріп, ішінен азық-түлік заттарын ұрлап, жәбірленушіге жалпы құны 150 000 теңге шығын келтірген болатын. Содан жедел іздестіру барысында 2018 жылдың қаңтар айында қылмыскерді анықтап, барлық ұрланған заттарды тәркілеп алып, қылмыстық іс сотқа жолданды.

Ағымдағы жылдың 27-ші



наурызында Торғай ауылы С.Мәуленов көшесі бойындағы 14-үйде А.Сейлов өзінің заңды некедегі жолдасы Р. Аулетьованы пышақтап өлтіріп тастаған. Осы оқиға бойынша А.Сейлов анықталды.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың маусым айында Жангелдин ауданы Қалам-Қарасу ауылының тұрғыны Ж.Жетписбаевтың өрісте жүрген жерінен 26 бас жылқы малы жоғалып кеткен болатын.

Содан Ж.Жетписбаевтың арызы бойынша жедел іздестіру іс шараларын жүргізіп жүргенде аудан орталығынан 250 шақырым жерден өлгі 26 бас жылқы малы тауып алдық. Қазіргі таңда жылқы малы иесіне қайтарып берілді.

Міне, осы сияқты қылмыстық істерді әшкерелеуде Жангелдин аудандық ішкі істер бөлімінің Криминалдық полиция тобының жедел уәкілдері полиция капитаны А.Е.Ералин мен полиция капитаны Б.С.Нургазиннің, сонымен қатар

жоғарыда атап кеткен жедел қызметкерлердің тікелей бастығы, екеуіне өмірдің дұрыс жағына жол көрсеткен Жангелдин аудандық ішкі істер бөлімінің бірінші орынбасары полиция майоры С.Шалиевтың еңбектері зор. Сонымен қатар С.Шалиев бөлім бастығының бірінші орынбасары болып ауысып келгеніне көп уақыт болмасада өзінің іздестіру ісінің тәжірибесінің молдығына байланысты барлық әріптестерімен тез арада тіл табысып, ауданда болып жатқан қылмыстарға дер кезінде мән қойып, ашу үшін жұмыстар жасап, ұйымдастыруда.

Қазіргі таңда мен Жангелдин аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы лауазымын атқарып жүрмін. Ал бұған дейін 10 жыл бойы бөлім бастығының бірінші орынбасары лауазымын атқарған болатынмын. 1995 жылдан кәсіби жұмысымды осы жедел іздестіру жұмысынан бастағанмын. Осы жылдар бойына қаншама жедел қызметкерлерді тәрбиелеп, іздестіру саласының лайықты маманы болып шығуларына жәрдемім тиді. Сол мамандардың ішінде қазіргі таңда жұмыс істеп келе жатырған полиция капитаны А.Ералин мен полиция капитаны Б.Нургазин де бар. Өзім қаншама

атышулы қылмыстық істерді ашуға қатыстым, бұл саладағы тәжірибем мол. Бар білгенімді жас мамандарға үйретіп, баулып отыру мен үшін үлкен абырой, міндет.

Жалпы Жангелдин аудандық ішкі істер бөлімі криминалдық полиция тобының жедел қызметкерлері өздеріне жүктелген абыройлы әрі жауапкершілігі зор міндетті мінсіз атқару үшін қолда бар мүмкіндікті толығымен қолданып, халық сенімін атқаруға тырысуда. Криминалдық полиция қызметі өте ауыр және күрделі, қауіпті жұмыс. Себебі қандай да болсын қылмыскерлермен жұмыс жасау оңай болмаса керек. Ал бұл орайда «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 28-ші қадамында аталып өткеніндей, полиция қызметкерлерінің іскерлік қабілеттері негізінде іріктеу жүйесін жақсарту, кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін тестілеп отыру қажет. Бұл талаптарға жангелдиндік із кесушілер толығымен лайықты деп айта аламын.

Т. СӘБИТҰЛЫ,
Жангелдин аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы
полиция подполковнигі

Жедел уәкілдерге сенім артамыз

2000 жылы ақпан айының ішінде, нақты күні есімізде жоқ, Науырзым АІБ кезекшілік бөлімшесіне Мереке селолық округінен адам өлімі жөнінде суыт хабар түсті.

Сол кездегі АІБ бастығы Шубаев Қ.А. тез арада кабинетіне орынбасарларын жинап тездетіп жедел топ құруды бұйырды және жедел топты тәжірибелі қызметкерлерден жасақтауды тапсырды. Екі қызметтік УАЗ автокөлігі бөлінді, сонымен, келесідей полиция қызметкерлері Мерекені бетке алып жолға шықтық, олар топ жетекшісі полиция подполковнигі Казкенов Б.К., АІБ бастығының тергеу барысы жөніндегі орынбасары жедел топ мүшелері АІБ аға тергеушісі полиция капитаны Маханбетов Қ.С., жедел уәкілдер полиция аға лейтенанттары Әлтиев Е.С., Төлеубаев,

Даулетов Е.С., полицияның учаскелік инспекторлары полиция аға лейтенанттары Мақсұтов Ә.Б. және Баймурзин О.Т. және полиция сержанты Қайыржанов М. болды.

Жедел топ хабар түскеннен кейін ауа райының нашарлығына қарамастан қатты боран болатын, жолға шықты. Сағат 10.00 шамасында шыққан көліктер түс ауа 4,5 сағаттай 130 шақырым жүрдік Дәмді ауылына әуірімдеп жеттік, одан әрі 50 шақырымдай Мереке ауылына жолдың кейбер жерлерден көлденең қар алған көліктеріміз жол талғамайтын болғандықтан ол кедергі болмады, бірақ көру қашықтығы тым аз болатын. Негізгі жолдан Мерекенің грейдеріне түскеннен кейін машиналардың жүруі баяулады, өйткені қараңғы бола бастады, боран үдей түсті, бір кезде алдыда келе жатқан УАЗ көлігі жолдың сол жақ ойына түсіп

кетті, екі машинадағы бәріміз түсіп, жолдан түсіп кеткен машинаның алдын қазып, екінші көлікке тіркеліп, әйтеуір алып шықтық. Біз Мерекеге түн ортасында әрең жеттік, қылмыстық іздестіру бөлімшесінің жедел өкілдері Давлетов Е.С., Төлеубаев А., Алтиев Е.С. жұмыстарына қызу кірісіп кетті, олар қылмыстарды оның ішінде осындай ауыр қылмыстарды ашуға машықталған, тәжірибелі, өз істеріне жан-тәнімен берілген мамандар еді, осының нәтижесінде, өте ауыр қылмыс жасаған адам өліміне себепкер болған төрт сезіктіні анықтады. Аға тергеуші полиция капитаны Маханбетов К.С. оқиға болған жерде хаттама толтырды, оның барысында қылмыс құралы ретінде қолданылған бірнеше бұғу зорға келетін қатты сымдар алынды.

Кезекші ретінде төрт адамнан жауап алынды, қылмысқа қатысты

айғақзаттар алынды. Жинақталған материалдар негізінде болған оқиғаны мәлімдей өрбіттік. Б. деген азамат әскер қатарынан келді, ауылда жұмыс жоқ өзімен шамалас жігіттерге қыр көрсетіп, тізесін батыра бастайды, өйткені ол спортшы, шымыр денелі, күші көп жігіт екен. Осыдан достары бөлек ақылдасып, Б-ны орнына қояйық деп, оқиға болған күні алдын ала дайындалып, қатты сымдармен қаруланып, сол күні кешке кездесіп арақ ішіп отырғанда бас салып ұрады, ол әбден қимылсыз қалған кезде, бір үйден қол шанасын алып келіп Б-ны оған салып үйіне апарып тастаған.

Қылмыс жасағандар барлығы да жазаларын алды, бас бостандықтарынан көп жылдарға айырылды

Осы қылмыстың ашылуына сол кездегі қылмыстық іздестіру бөлімшесінің қызметкерлері Давлетов Е.С., Әлтиев Е.С.,

Төлеубаев А.К. ерен еңбектің үлгісін көрсетті, қиындыққа қарамастан білікті мамандар екенін дәлелдеді, осы аталған полиция қызметкерлерінің алдындағы беделдері жоғары болатын, аудан халқы оларға сенетін, қандай қылмыстық оқиғаларға шықпасын, нәтижесіз қайтпайтын.

Науырзым АІБ қылмыстық іздестіру қызметінің өзіндік мектебі қалыптасқан уақыт болатын, ол мектептің көшбасын Брилевский, Айтқожин С.И. бастап, Есентаев С., Асқаров У жалғастырып, аттары жоғарыда аталған қызметкерлер сол кезде олардың іздерін басқан болатын. Қазіргі Науырзым АІБ ЖІБ қызметкерлері осындай елге қорған болған ағаларының ісін жалғастырып, биіктен көріне берсін демекпіз. Бөлімнің жедел уәкілдеріне сенім артамыз.

Науырзым аудандық ішкі істер бөлімі

Академияда Пробация қызметкерлерін оқыту орталығы ашылды

Елбасының саясатының арқасында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына Еуропалық Одақ және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық аясында Еуропалық Одақтың «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» (EUCJ) ЕО жобасының қаржылық қолдауымен мультимедиялық кабинет және баспаханалық мультимедиялық кабинет сыйға тартылды.

Иә, ХХІ ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабына сай болуы қажет.

Академияның мақсаты қазақстандық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберліктерін жоғарылату болып табылады. Бірінші күннен бастап (EUCJ) ЕО жобасы Еуропалық стандартқа сәйкес білім беру қызметін одан әрі жетілдіру бойынша Академияға сараптамалы және техникалық көмек көрсетілді. Алдыңғы қатарда тәжірибелі зерделеуді дамыту бағытында Ұлыбританияға оқыту іссапары ұйымдастырылып, қызметкерлер үшін тренингтер ұйымдастырылды. Жоба, сондай-ақ пробация қызметкерлерін оқыту орталығын ашуды қолдаған болатын. Пробация қызметкерлерін оқыту орталығы пробация қызметін одан әрі тек Қазақстанда ғана жүзеге асырмай, сонымен қатар Орталық Азияда да жетілдіру көзделген.

Аталған жаба халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстанда

жүргізіліп жатқан сот-құқық реформаларды қолдауға бағытталған.

Жаңа білім беру технологиялары пробация қызметі үшін білікті мамандарды қайта даярлауына және дайындығын тиімді ұйымдастыруына, пробация қызметінің күнделікті қызметінде қызметін дамытуға және тренингтермен, семинарлар, соның ішінде онлайн режимінде оқытуын ұйымдастыруына көмек береді.

Осыған орай, 2018 жылдың 27 қыркүйегінде Академияға Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақтың өкілі және (EUCJ) ЕО жобасының өкілі Бен Зенгерик және Рауан Қанатбаев келіп, жаңа технологиялармен жабдықталған мультимедиялық кабинет және баспаханалық мультимедиялық кабинеттің салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті.

Іс-шара Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов пен Еуропалық Одақ өкілі Бен Зенгериктің кабинетті салтанатты ашуымен басталды. Бен Зенгерик білім ордасының профессорлық-оқытушылар құрамын аталған іс-шарамен құттықтап, өзінің жылы лебізін білдіріп, одан әрі жұмысымыздың қарқынды жүргізіліп, оң жемісін беретіндігін айтып кетті.

Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов «Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында



бүгін айтулы күн, Еуропалық Одақ аясында Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру аясында 52 млн. теңгеге Академияға мультимедиялық кабинет және мультимедиялық баспаханалық кабинет сыйға тартылды. Бұл беріліп отырған оқу орталығына арналған жабдықтар Қазақстан Республикасы Елбасының қабылдаған 2016 жылғы стратегиялық кешенінің жемісі, онда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде бақылауда тұрған азаматтарды оңалту бойынша жұмыс жүргізу қажеттілігі айтылған болатын.

Сол стратегиялық кешенде жаңа форматтағы пробация қызметкерлерін дайындау үшін оқу орталығының қажеттілігі негізделген. Бұл оқу орталығының ашылуы 2019 жылдың 1-ші тоқсанына бекітіліп отыр. Бірақ біз бұған дайындық ретінде арнайы жабдықталған кабинетті ашып, пробация қызметкерлерін оқыту орталығы деп, атап отырмыз.

Ендігі кезекте, бас бостандығынан айырылған, яғни

қылмыстық жазалаумен байланысты емес, азаматтарды оңалту үшін, біз пробация қызметкерлерін дайындауымыз керек. Оларды жаңа заңның аясында, білімін, дағдыларын дамыту үшін, осы орталыққа өртүрлі ұсынымдар, қажетті мультимедиялық бейефильмдер, тәжірибелік кездесулер, өздерінің қызметтерін шешетін ұсыныс, жұмыс стандарттарын жасайтын боламыз. Олардың жыл сайын біліктіліктерін арттырып, пробация қызметін дамытатын боламыз.

Осыған орай, осы бағыттағы салаға біздердің Еуропалық Одақпен жұмыс жүргізу аясында, осындай жобаның аяқталуы биылғы жылға түсіп тұр. Біздер келешекте Еуропалық Одақтың сарапшыларымен оқу бағдарламасын жаңғырту үшін, озық әлемдік тәжірибені оқып, оны осы еліміздің адамдарымен, азаматтары және қоғаммен мемлекеттің мүддесін қорғау үшін қолданатын боламыз», - деп бірқатар жайларды түсіндіріп өтті.

Айта кету керек, мультимедиялық кабинет

қазіргі заман талабына сай компьютерлермен жабдықталған. Компьютерлер осы саладағы қызметке қарасты қажетті бағдарламалармен, схемалармен, көріністермен және тағы да басқа нұсқауларымен қамтамасыз етілген.

Қорытындылай келе, болашақта пробация қызметкерлерін заманауи жаңа компьютерлермен жабдықталған мультимедиялық кабинетте оқыту олардың білімдерін дамыту, сонымен қатар алған білімдерін күнделікті қызметтерінде икемді пайдалануына, жетілдіруіне, сонымен қатар қылмыстық сот әділдігі саласында кәсіби білікті маман болуына көзделген.

О. УАҚПАЕВА,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясы
Баспасөз қызметінің
баспасөз хатшысы
Суреттерді түсірген:
С. Камалов

Елден кететіндер көбейіпті

Ішкі істер органдары үшінші елдерден келетін заңсыз миграцияны анықтау, оны ұйымдастыратын арналарға тосқауыл қою мақсатында «Нелегал – 2018» жедел-алдын алу шарасының екінші кезеңін аяқтады.

Республикалық ауқымды шараға көші-қон, криминалдық, әкімшілік полицияның бес жарым мың қызметкері қатысты. Бірлескен 767 жылжымалы топ құрылып, операцияның алғашқы үш күнінде Қазақстан Республикасына келу ережелерін бұзған 13 414 шетелдік азаматтарды анықтады. Соттың шешімі бойынша 1556 шетелдік ел аумағынан шығарылды, 1016 адам қабылдау-бөлу орындарына жеткізілді. Шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бұзған қазақстандық 520 жұмыс беруші әкімшілік жазаға тартылды. Көші-қон заңын бұзғаны үшін сотқа дейінгі тергеу бірыңғай тізімге 161 қылмыстық іс тіркелді. Республика бойынша 6471 шетелдік азаматтардың уақытша келу мерзімдері қысқартылды.

Көші-қон заңын бұзып Қазақстан аумағына өткен шетелдіктердің ішінде шекара өткізу бекетін айналып өтетін көрші ТМД елдерінің азаматтары, өз елінде қылмыс жасап халықаралық іздеуде жүрген қылмыскерлер де бар. Мысалы, Жамбыл облыстық

ішкі істер департаментінің көші-қон полициясы қызметкерлері Қазақстан мемлекеттік шекарасынан жасырын өткен Қырғызстан Республикасының азаматын ұстады. Бұл факт бойынша Қазақстан Қылмыстық кодексінің 392 бабы бойынша мемлекеттік шекараны заңсыз өткені үшін қылмыстық қозғалды. Іздеуде жүрген 18 қылмыскер, оның ішінде 2 ТМД азаматы ұсталды. Атырау облыстық ішкі істер департаментінің заңсыз миграциямен күрес арнайы взводының қызметкерлері облыстық ҰҚК департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп халықаралық іздеу жарияланған Өзбекстан азаматын тұтқындады.

Көші-қон полициясы қызметкерлерінің айтуынша, заңсыз миграциямен шет елдерден діни экстремистер мен террористер кіруі де мүмкін екен. ТМД Антитеррористік орталықтың жетекшісі, полиция генерал-полковнигі Андрей Новиковтың мәлімдеуінше, террористік және экстремистік қылмыстарға қатысы бар ТМД елдерінің тоғыз мың азаматы халықаралық іздеуде жүр екен. «Олардың ішіндегі бес мыңға жуығы заңсыз қарулы құрылымдар және үшінші елдердің аумағында халықаралық террористік ұйымдардың құрамында қарулы қақтығыстарға қатысқан жанкештілер. Бұларды анықтау және ұстау жұмыстарын ТМД елдерінің құқық қорғау

органдары жұмылып атқарады. 2015 жылдан бастап орталықтың берген ақпараттары бойынша террористік әрекеттерге қатысқаны үшін халықаралық іздеу жарияланған 83 адам ұсталды. 2015 жылдан бергі уақыттың ішінде ТМД Антитеррористік орталықтың ТМД қатысушы-елдердің қаржы барлау органдарына берген ақпаратының көмегімен терроризмді қаржыландыруға қатысы бар 207 адам анықталды» деп мәлімдеді ТМД Антитеррористік орталықтың жетекшісі.

Республика бойынша жүргізілген «Нелегал – 2018» жедел-алдын алу шарасы барысында бұндай мәселеге де назар аударылды. Уақытша демалуға немесе жұмыс істеуге келетіндерден басқа тұрақты өмір сүру үшін басқа елдерге көшетіндер және осында көшіп келетіндермен де көші-қон полициясы жұмыс істейді. Қазақстаннан шығатын эмиграция көлемі ұлғайды, бірақ 2005 жылғы деңгейге жеткен жоқ. Соңғы үш жылда елден көшіп жатқандардың саны біршама көбейген. Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша биылғы 6 ай бойынша елдегі ішкі және сыртқы миграциялық жағдай жылдағымен шамалас болғанымен, Қазақстанға көшіп келушілер азайыпты, ал кетіп жатқандардың саны көбейген. Жыл басынан бері елімізге

6 368 мигрант көшіп келген, бұл бытырғы осы мерзіммен салыстырғанда 26 пайызға аз. Ал Қазақстан аумағынан басқа елдерге қоныс аударған эмигранттардың саны – 17 171 адам, бытырғыдан 14 пайызға көп. Негізінен қазақстандықтар ТМД елдеріне көшіп жатыр, елден кеткендердің 89 пайызын осылар құрайды. Ал ішкі миграцияға келсек, ең көп қозғалыстар Шымкентте – 43 222 адам, Алматы – 17 715 және Астанада 5 748 адамды құрайды. Жалпы алғанда 2009 жылдан бері Қазақстаннан басқа елдерге қоныс аударатындардың тұрақты саны 30 мыңның үстінде.

Салыстыру үшін айтайық, 2004 жылы елден 65,5 адам, 2005 жылы 52,1 адам тұрақты өмір сүру үшін басқа мемлекеттерге көшкен. Бірақ ол кездерде Қазақстанға көшіп келушілердің саны, көшіп кететіндердің санынан басым болатын. 2004 пен 2011 жылдар аралығында, сегіз жыл бойы сыртқы миграция сальдосы дұрыс болды. 2005 жылы иммигранттар саны эмигранттардан 22,5 адамға артық болды. Ал 2017 жылы иммигрант саны 15,7 мыңға түсіп қалды. Ұлт тұрғысынан алып қарағанда Қазақстаннан кетіп жатқандардың 72,3 пайызы – орыстар, олардың 95,5 пайызы Ресейге көшкен. Екінші орында украиндықтар – 6,6 пайыз, үшінші орында қазақтар – 3,8 пайызды құрайды. Олардың 27

пайызы ТМД елдеріне қоныс аударған. Қазақстанға көшіп келіп жатқан иммигранттардың басым көпшілігі Өзбекстан, Қырғызстан және Қытай елдерінен. 2017 жылы елімізге тұрақты өмір сүру үшін келген иммигранттардың 45 пайызын Өзбекстан азаматтары құрайды. Одан кейінгі орында Ресей – 38 пайыз, Қырғызстан – 5,7 пайыз. Алыс шетелдерден Қазақстанға 4485 адам көшіп келген, көпшілігі Қытай Халық Республикасынан (3204) адам. Моңғолиядан – 298 адам, Германиядан – 225 адам, Түркия мен АҚШ-тан жүздің үстінде иммигранттар келген. Қытай мен Моңғолиядан көшіп келгендер Алматы облысына қоныстанғысы келсе, Германиядан келгендер Қарағанды және Қостанай облыстарын таңдаған.

2018 жылдың бірінші жартысында Қазақстаннан жоғары білімі бар 5 250 адам шет елдерге қоныс аударған. Олардың көпшілігі техникалық ЖОО білім алған. Қазақстаннан ТМД елдеріне 15 399 адам, басқа елдерге 1 772 тұрақты қоныс аударған. Эмиграцияға кеткендердің 16 жасқа дейінгілері – 4 147, зейнеткерлік жасқа жетпеген ересектер – 12 047, зейнеткерлік жастағылардың саны – 977 адам.

Қайыржан ТӨРЕЖАН
www.aikyn.kz

Бетті жүргізуші Меірәш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru